

## **Бейімбет Майлин ауданы Тобыл кентінің құрамдас бөліктерін қайта атау туралы**

Қостанай облысы Таран ауданы Тобыл кенті әкімінің 2018 жылғы 17 қаңтардағы № 2 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 13 ақпанда № 7505 болып тіркелді.

**Ескерту. Шешімнің тақырыбында, кіріспесінде және барлық мәтін бойынша "Таран ауданы", "Таран ауданының" сөз тіркестері "Бейімбет Майлин ауданы", "Бейімбет Майлин ауданының" деп ауыстырылды - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы Тобыл кенті әкімінің 26.03.2021 № 5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Бейімбет Майлин ауданының Тобыл кенті халқының пікірін ескере отырып, 2017 жылғы 4 желтоқсандағы Қостанай облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Тобыл кентінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тобыл кентінің келесі көшелері қайта аталсын:

- 1) Вокзальная көшесін Бейбітшілік көшесіне;
- 2) Кооперативный тұйық көшесін Жеңіс көшесіне;
- 3) Тупиковая көшесін Самал көшесіне;
- 4) Дома Нефтебазы көшесін Бақыт көшесіне;
- 5) Поселковая көшесін Достық көшесіне;
- 6) Комбинатовская көшесін Бірлік көшесіне;
- 7) Школьная көшесін Болашақ көшесіне;
- 8) Казахская көшесін Тәуелсіздік көшесіне.

2. "Тобыл кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы шешім ресми жарияланғанынан кейін Бейімбет Майлин әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Тобыл кенті әкімі*

*Б. Каукин*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК